

Тарихы терең Ұтырлы

Мейірбеков Мырзабай Балтабайұлы
*«Сырдария» университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты*

Молдахмет Архад Айтжанұлы
*«Сырдария» университетінің
«Тарих» мамандығының 4-курс студенті*

Кез-келген ел өзінің ғылымы мен төл мәдениетіне үнемі көңіл бөлмей, оны дамытпай өркениетке жете алмайтындағы белгілі. Оның үстіне қазіргідей кейбір аз халықтар, тұтастай бір ұлттар өзіндік төл мәдениетінен, ұлттық бітім-болмысынан айырылып қалып отырған әлемдік жаһандану заманында ұлттық мәдени мұраларымызды көздің қарашығындай сақтап, оны ғылымға, оқу жүйесіне енгізіп, кейінгі ұрпақтың санасына үзбей сіңіріп отырудың маңызы өте зор. Бұл болашақ ұрпақтың тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық болмысын сақтап қалудың кепілі. Ұлттың тарихи жадын жаңғыртып, тарихи санасын қалыптастыру дегеніміз – оның ұлттық рухын өсіріп, ұлттық санасын дамытып қалыптастыру деген сөз. Ал, ұлттық рухы биік, ұлт санасы жоғары ұлт ешқашан өшпек емес, оның тәуелсіздігі баянды, болашағы зор болмақ. Сондықтан да Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен (№1277жарлық, 2004ж.13-қаңтар) 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, қыруар істер атқарылды.

Жалпы қазақ халқы мен оның арғы ата-бабалары дүниежүзілік өркениетке өзіндік лайықты үлес қосқан өркениетті халық екендігін тарих ғылымы әлде қашан дәлелдеді. Тарихшы ғалымдар өркениетке тән негізгі үш ұлы ерекшелікті атайды. Олар: мемлекет, жазу, монументальды архитектура [1]. Қазақ халқы осы үшеуінен де кемде емес: біріншіден, олар ат жалында жүріп-ақ, “басы барды идіріп, тізесі барды бүктіріп” күдіретті мемлекеттер құрды, екіншіден, сонау ерте темір-сақ дәуірінен бастау алып, түркі дәуірінде одан әрі дамытылған өзінің төл жазу-сызуы болды, үшіншіден, орта ғасырларда қазақ даласында қалалық мәдениет пен архитектура гүлденіп дамыды. Қазақ даласында орта ғасырларда ұлы жібек жолының бойындағы қалалардың халқы 20 %-ға жеткен екен, ал дәл осы кезде Еуропада қала халқы 12% ғана болған [2]. Демек, дүниежүзілік адамзат өркениетіне өзінің лайықты үлесін қосқан қазақ өркениеті бар деп сеніммен айтуға болады. Қазақ өркениеті – бірыңғай дала емес, ол қала мен дала мәдениетінің синтезі.

Еліміздегі сондай орта ғасырлық қалалардың бірі – біздің туған өлкеміз Мырзашөл өңіріндегі Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласы. Ортағасырлық Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданының орталығы Жетісай қаласынан 30 шақырым солтүстік-шығыста, «Үтірлі» ауылынан 12,1 шақырым солтүстік-батыста, Сырдария өзенінен 2 км оңтүстікте, Сырдарияға құятын Сорөзек саласының жағалауында орналасқан (1-сызба). Географиялық координаттары: С. 41°03'797", Ш. 068°25'809", т.д.б. 250 м.

Мақтаарал ауданы



I — Сызба. Археологиялық картада Үтір төбе қаласы.

Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласын Қазақстан археологтары зерттемеген. Оның басты себебі - Мырзашөл өңірі, оның үлкен бір бөлігі - Мақтарал ауданы 1963-1971 жылдары Өзбекстан Республикасына қараған. Сондықтан да бұл аймақ өткен ғасырдың 60 жылдары жүргізілген Шардара археологиялық экспедициясының зерттеу аясынан тыс қалған. Бұл ортағасырлық қала тіпті, Қазақ Совет энциклопедиясы, Археологическая карта Казахстана (Алматы, 1960), Свод памятников истории и культуры Казахстана в Южно-Казахстанский область (Алматы, 1994) атты іргелі басылымдарға да кірмей қалған. Үтіртөбені алғаш зерттегендер Өзбекстан археологтары. Қала туралы алғашқы деректі 1971 жылы Ю.Ф. Буряков пен О.М.Ростовцев жазған [3]. Ю.Ф.Буряков «Историческая топография Ташкентского оазиса» - деген монографиясында Чинакент (Шыназ) қаласынан 30 шақырым жерде Сырдарияның сол жағалауындағы «Ұтырлы» қаласын атап өтеді [4]. Жазушы М.Жақып «Мырзашөлім - мырза елім» (Алматы, 1998) деген еңбегінде бұл қала жөнінде шағын түсініктеме береді [5].

Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуді Жетісай қаласындағы «Сырдария» университетінің С.Н. Апашева, М.Б. Мейірбеков бастаған «Тарих» кафедрасының профессор-оқытушылары қолға алды. Университеттің қаржыландыруымен 2004 жылы т.ғ.к., доцент, белгілі археолог М.Қасенов жетекшілік еткен «Сырдария» археологиялық экспедициясы және 2009, 2010, 2014, 2015 жылдары «Археолог» Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, т.ғ.д., профессор М. Елеуов бастаған, Сырдария университетінің профессор-оқытушылары мен студенттерінен құралған «Мырзашөл» археологиялық экспедициясы ортағасырлық Ұтырлы (Үтірлі) қаласына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Үтіртөбе (Ұтырлы) қаласы апатты жағдайда тұр: бір шетін өзен суы шайып, көлемі жылдан - жылға кішірейіп бара жатыр. Егер осылай тұра берсе қала бірер жылдан кейін өз-өзінен тегіс жойылады. Сондықтан апатты жағдайдағы бұл қалаға археологиялық қазба жұмыстарын одан әрі жалғастырып, кең көлемде зерттеулер жүргізу – кезек күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі. Еліміздің қиыр

оңтүстігінде орналасқан, әзірше зерттелуі мардымсыз апатты жағдайдағы бұл ортағасырлық қалаға үкімет тарапынан қаржы бөліп, кешенді түрде зерттеп-зерделеу, оны ғылыми айналымға қосу қажет деп есептейміз.




Қаланың ежелгі аты белгісіз. Жазба деректерде кездеспейді. Жергілікті халық Ұтырлы қаласының атауын Үтірлі немесе Үтірлітөбе, Үтіртөбе деп те атайды. Үтірлі атануы «Ұтырлы» деген сөзден шығуы мүмкін. «Ұтырлы» - қазақ тілінде ұтымды, ұтқыр, қолайлы деген мағынаны білдіреді. Бұл қаланың тіршілікке жайлы, тоғыз жолдың торабында, қолайлы жерге орналасуынан шығуы мүмкін. Ал, Үтірлітөбе, Үтіртөбе атануына келсек, қазіргі кезде қаланың пішіні «үтір белгісіне» ұқсас болғандықтан жергілікті халық осылай атаған дейді.

Шынында да қаланың географиялық орналасуы қолайлы, жол торабында орналасқан. Қаладан солтүстік-шығысқа қарай жол Сырдан өтіп, Чинакентке (Шыназ), одан әрі Орта Азияның ірі орталығы - Шашқа (Ташкент) барған. Ал, Сырдың сол жағалауымен жоғары қарай өрлеген жол Хожентке жеткен. Сырмен төмен қарай жүрген тағы бір негізгі бағыт Сүткент қаласы арқылы өтіп, Оқсызға (Весидж) барған. Одан әрі жол жан-жаққа (Яссы - Сауран - Сығанақ, Испиджаб және Орталық Қазақстан бағыттары) тармақталады. Ал, қаладан оңтүстік, оңтүстік-батысқа қарай шыққан тағы бір бағыт Мырзаның шөлін басып өтіп Жызаққа, одан әрі Самарқан, Бұхараға жол тартқан.

Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласы нақты қай уақытта өмір сүрген және ол қай елге, тайпаға тиесілі деген мәселеге келсек, алғашқы археологиялық зерттеулер бұл қаланың VIII-XII ғасырларда, оғыздар дәуірінде өмір сүрген қала екенін көрсетеді. Әсілі, бұл оғыздардың қаласы болуы керек. Олай дейтін себебіміз, біріншіден, Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласының Сырдың орта ағысы бойындағы ондаған қалалармен өте ұқсастығы, олардың жобасы мен құрылыс технологиясы, тіпті табылған заттарына дейін ұқсастығы бұл қалаларды бір кезде бір халық салғандығын көрсетеді. Оғыз дәуірі кезінде Сырдың бойындағы қала мәдениеті даму сатысының жоғары деңгейінде болды. Махмұд Қашқари өзінің еңбегінде оларға сипаттама береді [6]. Екіншіден, сол дәуірдегі тайпалар мен мемлекеттердің геосаяси

орналасуы да біздің бұл ойымызды қуаттай түседі. «Мауереннахр шекарасының өн бойында, - деп хабарлайды Әл-Истархи, - соғыс шайқастары болып жатады. Хорезмнен Испиджаб төңірегіне дейін оғыз-түріктермен, Испиджабтан Ферғананың ең шалғай жерлеріне дейін қарлұқ-түріктермен шайқас болып тұрады» [7]. Бұдан біз Испиджабтың оғыздар мен қарлұқтар арасындағы шекара болғанын көреміз. Сонымен бірге Келес даласында «Оғыздар қонысы» (Дех и гузз) болған. Шаш аймағында оғыздар мен қарлұқтардың исламды қабылдаған тайпалары жиылып қоныстанған [8]. Демек, Испиджаб пен Шаштың батыс аймақтары, оның ішінде Ұтырлы да оғыздардың жеріне кірген.

Үтіртөбе қаласының қазіргі жобасы шынында да үтірге ұқсап жатыр. Қаланың сыртқы көлемін су шайып кеткен. Сондықтан оның бұрынғы пішіні белгісіз. Қазіргі сақталған көлемі шығыстан батысқа қарай 388 метр, солтүстіктен оңтүстікке қарай 180 метрге созылып жатыр. Батыс жағынан ені 40 метрге дейін жіңішкеріп барып біткен (1-сурет).



1-сурет. Үтіртөбе қаласының жобасы.

Қаланың сыртын 10-30 метрге дейін су шайып, 1-2 метрге дейін жететін тік жар қабақ жасаған. Оңтүстік-шығыс жағын 1 метрге дейін су шайған. Бұл тұстан қаланың бекініс қамалы 1,5 метр биіктікке дейін жақсы байқалады. Қаланың басқа шеттеріндегі бекініс қамалдарын су шайып кеткен.

Цитадельдің оңтүстік-батыс бөлігінде ені 10 метр, тереңдігі 3 метр, ұзындығы 15 метр сай орналасқан. Бұл қала қақпасы.

Солтүстік-шығыстан оңтүстік-шығысқа созылған сай қаланы екіге бөліп жатыр, оның ені 10 метр, тереңдігі 2 метр. Мұндай сайлар шығыстан батысқа да созылып, қаланы бірнеше бөліктерге бөлген. Бұл сайлар бұрынғы қала көшелерінің іздері.

Қаланың шығыс бөлігінің биіктігі 3-3,5 метр - цитадель орналасқан, оның батыс бөлігінің биіктігі 1-1,5 метрге жетеді.

Қаланың батыс бөлігіне жалғасып көлемі 300x150 метр, солтүстіктен-оңтүстікке созылған төрткүл жатыр. Биіктігі 1,5 метр жалмен қоршалған. Бұл қаланың шаруашылық аймағы. Қаланың солтүстік және шығыс жағын орап өзен арнасы

жатыр. Шілде, тамыз, қыркүйек айларында су тартылып, арнада тоспа көп пайда болады. Қазаннан-маусымға дейін Сырдың суы тасып, Үтіртөбе арал болып қалады.

Ортағасырда өзен арнасы жасанды ор қызметіне пайдаланылған болса керек.

Қаланың батысындағы төткүлдің солтүстік-батысында 300 метр қашықтықта қала зираты орналасқан.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша өткен ғасырдың 60 жылдары салынған Шардара су қоймасының суының көтерілуінен қаланы су баса бастаған. Қазіргі кезде қала үстін қамыс пен жаңғыл басып кеткен.

Су жылда қаланың мәдени қабатын 1-2 метрге дейін шайып, қаланың көлемі жылдан-жылға кішіреюде. Егер су осылай шая берсе, 10-15 жылдан кейін қала тегіс жойылады. Қала апаттық жағдайда.

Жергілікті халық арасында қаланың су басып төбе болуы туралы мынадай аңыз бар:

«Ежелгі заманда бұл қала гүлденген, мәдениетімен атағы шартарапқа жеткен, тоғыз жолдың торабында орналасқан сәулетті қала болған екен. Қалада бір атақты бай тұрыпты. Ол бір перзентке зар болыпты. Қартайғанда әйелі ұл туып, бай ұлан-асыр той жасайды. Мындаған қой мен ірі қара сойылып, қанын судай ағызады. Қанның көптігі сонша, ол өзен болып ағып, Сырдария өзеніне қосылып, өзеннің суы қаннан қып-қызыл болып тасып, қаланы басып қиратқан. Қала жер астына көміліп төбе болып қалған» - дейді аңызда.

Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласына жүргізілген археологиялық қазбалар нәтижесінде қала құрылыстары, ондағы бөлмелер ашылып (2-сурет), баға жетпес тарихи жәдігерлер табылды (3-сурет).



2-сурет



3-сурет



4-сурет

Ортағасырлық Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласына жүргізілген археологиялық қазбалар нәтижесінде мынадай мәселелер анықталды:

1. Үтіртөбе қаласының өмір сүрген уақыты YIII-XII ғғ. Өңірдің тарихын зерттей отырып қаланың салыну кезеңі оғыз дәуіріне сәйкес келетіні анықталды. Оған қаладан табылған жәдігерлер арқылы көз жеткізуге болады. Үтіртөбе өзінің жобасы

жағынан өте ерекше құрылыс. Қала дамуының шарықтау шегі X-XII ғғ. Бұл кезең бүкіл Орта Азия мен Қазақстан қалаларына тән. Қала басқа қалалармен сауда және экономикалық байланыста болған. Қазбалардан табылған құмыра, металл, зергерлік бұйымдарды салыстыру арқылы басқа қалалардағы жәдігерлерге өте ұқсас екендігі анықталды.

2. Үтіртөбе қаласы геосаяси жағынан Ұлы жібек жолының Сырдың сол жағалауындағы тармағында, тоғыз жолдың торабында, қолайлы жерде орналасқан. Қаланың құрылыс жобасы да орта ғасырлық қалалардың жобасына сәйкес. Сонымен бірге бір ерекшелігі қала сыртында зираттың болғандығы. Ислам діні қала тұрғындары негізгі діні болғандығын көруге болады. Бұл қаланың құрылыстары шикі кірпіш пен қыш кірпіштен салынан. Бұл дәстүрлі құрылыс Сыр бойы қалаларына тән.

3. Заттай деректерді зерттеу арқылы олардың Сырдың төменгі және жоғары ағысындағы қалалардан табылған заттарға ұқсас екендігі анықталды. Бұл қалалар өзара сауда және экономикалық байланыста болғандығы байқалады. Сонымен бірге қалада сырттан келген заттардың (моншақ, шыны т.б.) табылуы оның жібек жолының бір тармағында жатқандығына дәлел болады.

Сонымен бірге, 2012 жылы біздің жерімізден көне теңгелер де табылды (4-сурет). Көне теңгелер табылған жер – Мақтарал ауданы, «Қызылқұм» ауылдық округіне қарасты «Қарасақал» ауылынан солтүстікке қарай 5 шақырымдай жерде, Сырдың «Қарабұлақ» деген ағысы қатты бір саласының «Арба қалдыға» (Шардара су қоймасының оңтүстік-шығыс шеті) құяр жеріндегі су жайылмасының жағалауы екен. Бұл көне теңгелердің табылуы – біздің Мырзашөл, Мақтарал өңірінің көне заманда Ұлы Жібек жолының бір тармақшасының бойында жатып, мұндағы Ұтырлы (Үтіртөбе), Асық Ата сияқты қалаларында сауда-саттықтың, соның ішінде халықаралық сауданың дамығандығын көрсетеді. Теңге табылған жер Үтіртөбенің батыс жағында және екеуі де (қала да, теңге табылған жер де) Сырдың жағалауында жатыр. Сондай-ақ теңге табылған аймақтан шығысқа қарай 3-4 шақырымдай жерде жергілікті жұрт «Зең керуен» деп атайтын жер де бар. Ол керуен аялдайтын және дариядан өтетін өткел де болса керек. Демек, Ұлы Жібек жолының бір тармақшасы осы өңірден өткен деп есептеуге толық негіз бар.

Сонымен қорыта келгенде, ортағасырлық Ұтырлы (Үтіртөбе) қаласына жүргізілген археологиялық зерттеудің алғашқы нәтижелері біздің кең-байтақ Отанымыздың бір пұшпағы болып табылатын – Мырзашөлдің және оның негізгі бөлігі Мақтаралдың тарихы кешегі мақта шаруашылығына қатысты оман-арықтардан ғана басталмайтынын, оның тарихы тым ертеден бастау алатынын және қалалық мәдениеті, шаруашылығы мен саудасы гүлденіп дамыған байсын өңір болғанын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Массон В.М. Первые цивилизаций. - Л., 1989 г. -С. 5-12
2. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. -А, 2001 ж. -26 б.
3. Буряков Ю.Ф., Ростовцев О.М. Работы в Ташкентсой области // Археологические открытия 1971 года. – М., 1972 г. -С. 523-524
4. Буряков Ю.Ф. Историческая топография древних городов Ташкентского оазиса

(историко-археологический очерк Чача и Илака). – Ташкент: издательство «ФАН»
Узбекской ССР, 1975 г. -С.51

5. Мырзантай Жақып. Мырзашөлім – мырза елім. -Алматы, 1988 ж.
6. Махмуд Қашқари. Диуани Лұғат ат-түрік, I-том, -47-б.
7. Материалы по истории туркмен и Түркмении. Т.І. -М-Л. -С. 178
8. Археологическая открытия. -Москва, 1972 г.